

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның жетінші отырысын өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 36-өкімі

2003 жылғы 19-21 наурызда Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның (бұдан әрі - БҮК) жетінші отырысын өткізуге байланысты:

Қоса беріліп отырған шығыстар сметасына сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі БҮК отырысына қатысатын Ресей Федерациясының ресми делегациясының қонақ үйде тұруына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 122400 (бір жүз жиырма екі мың төрт жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы

N 36 өкіміне қосымша

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның жетінші отырысына қатысатын Ресей Федерациясы ресми делегациясының қонақ үйде тұруына шығыстар сметасы (2003 жылғы 19-21 наурыз, Астана қаласы)

Р/с	Шығыстардың атауы	Сома
		(теңге)
1.	Тұру - 3 күн, 10 адам х 12 240	122 400
Жиыны:		122 400